

СТУДЕНТТИҢ ӨЗ БЕТІМЕН ШЫҒАРЫЛУҒА АРНАЛҒАН ЕСЕПТЕР

Студент берілген 30 есептің ішінен сынақ кітапшасының бірінші, үшінші және төртінші санына байланысты тапсырма алады. Мысалы, сынақ кітапшасының нөмірі 775502 болса, студент – бірінші 10 есептің ішінен 7 есепті шығарады, 2 есеп 11-20 есептердің ішінен 15 есепті шығарады, соңғы 21-30 есептердің ішінен 25 есепті шығарады. Барлығы үш есеп болуы керек.

1) Кәсіпорын өз құралдарын инвестициялағанда кем дегенде 18% қайтарымды талап етеді. Қазіргі уақытта кәсіпорын 84500 \$ тұратын жаңа құрал-жабдық сатып ала алады. Осы құрал-жабдықты пайдалану арқасында өнімді шығару көлемі өседі, ол құрал-жабдықты 15 жыл ішінде пайдаланғанда жылына 15 000\$ қосымша ақшалай табыс алып келеді. 15 жылдан кейін қалдық құны 0-ге тең деп алып, жобаның қазіргі кездегі таза табысын есептеу керек.

2) Таңдауға берілген жобалар:

	IC	P1	P2
A	-4000	2500	3000
B	-200	1200	1500

$r=10\%$ және $r=21\%$ берілген.

IRR, PP, NPV –ді анықтау керек.

3) 20 жыл ішінде белгілі бір қорға жыл сайын постнумерандты 10 000 теңге салынады да, оған тоқсан сайын 10% күрделі жылдық пайыз есептелінеді. Мерзімнің аяғындағы өскен соманы анықтаңыздар.

4) Клиент өз шотында 80 мың теңгені жинақтамақшы, ол үшін клиент банкке әр жылдың аяғында жылына 30% күрделі пайыздық қойылыммен теңдей салымдар салып отырады. Талап етілетін сомасын жинақтау үшін клиенттің әр салымы қандай шамада: а) 5 жылда; ә) 10 жылда болуы керек.

5) Белгілі бір фирма 400 мың тг көлемінде қор құрғысы келеді. Осы мақсатпен фирма банкке жылдық 32% - бен 80 мың тг-ні әр жылдың соңында салуды көздейді. Қорды құруға қажетті уақытты анықтаңыздар. Егер банк күрделі пайыздар есептесе: а) жыл сайын; ә) тоқсан сайын ;б) үздіксіз.

6) Кәсіпорын жаңа капиталдық салымдарды 3 жылда салды: бірінші жылы – 90 000\$, екінші жылы – 70 000 \$, үшіншіде – 50 000\$. Инвестициялық жоба жаңадан енгізілген қуаттардың толық босатылуын ескеріп, 10 жылға есептелген. Тек бесінші жылы ғана жоспарланып отырған жылдық таза ақшалай табыстың көлемі 75 000\$ құрайды. Таза жылдық ақшалай табыстың өсуі жоспар бойынша бірінші төрт жылда 40,50,70,90% сәйкесінше бірінші жылдан төртінші жылға дейін. Кәсіпорын ақша қаражаттарын инвестициялағанда кем дегенде 18% қайтарымды талап етеді. Инвестициялық

жобаның қазіргі кездегі таза мәнін, өтелімділіктің дисконтталған мерзімін анықтау керек.

7) 15 жылға есептелінген жоба 150 000 доллар көлемінде инвестиция қажет етеді. Бірінші бес жылда ешқандай түсімдер күтілмейді, бірақ келесі 10 жыл ішінде түсетін жылдық табыс – 50 000 доллар. Егер дисконттау коэффициенті 15%-ке тең болса, осы жобаны қабылдаған дұрыс па?

8) Салымшы әр айдың соңында банкке 3000 теңгеден салып отырады. Ай сайын күрделі пайыздардың 12% номиналды жылдық қойылымы бойынша пайыз есептеледі. 2 жылдан кейін салымшы шотындағы өсірінді соманы анықтаңыздар.

9) Дисконттау коэффициенті 20% тең болғандағы төменде берілген жобалардың IRR, NPV көрсеткіштерін есептеңіздер.

А	-370	-	-	-	-	1000
Б	-240	60	60	60	60	-
В	-263,5	10	10	10	10	100

10) Есеп шотқа 20 жыл бойы әр жылдың соңында 10 000 тг келіп түседі. Әр жылдық дисконттау 10% күрделі қойылымы бойынша жүргізіледі. Рентаның қазіргі уақыттағы құнын анықтаңыздар.

11) Екі жобаны PP, NPV, IRR критерийлері бойынша талдау керек. Капитал құны 13%, 20%

	IC	1	2	3	4
А	- 20 000	7000	7000	7000	7000
В	-25 000	2500	5000	10 000	20 000

12) Тоқсан сайын 10 мың теңге көлемінде банкке салынатын салымдарға банк пренумерандо нұсқасымен жылына 24% номиналды пайыз қойылымы бойынша күрделі пайыздар қосады: а) жылына бір рет, ә) жарты жылда бір рет. 3 жылдан кейін шотта қандай сома болады.

13) Сіздің екі жобаның біреуіне бірдей соманы инвестицияландыру мүмкіндігіңіз бар. Бірінші жоба жыл сайын 15 мың тг төлейтін мерзімсіз постнумерандо рентасын алуға мүмкіндік береді. Екінші жоба 2 жылдың ішінде сәйкесінше 30 және 80 мың тг алып келеді. Осы жобалардың ішінен қандай жоба тиімдірек, егер пайыздық қойылым жылына 24%?

14) Капиталдың бағасы 10% болғандағы екі баламалы жобаны талдаңыздар.

А	-100	120	-	-	-
Б	-100	-	-	-	174

15) Жылына 4,2 мың теңге түсетін мерзімсіз постнумерандо аннуитетінің ағымдағы құнын анықтаңыздар, егер мемлекеттік банк

ұсынатын шұғыл салымның пайызы 24%-ға тең болса, осымен қатар күрделі пайыздар жылына екі рет қосылатын болса.

16) Жоба бойынша қажетті инвестиция 18000 \$, бірінші жылы күтілетін табыс - 1500 \$, келесі 8 жылдықта - 3600\$. Капиталдың бағасы 10\$ болғандағы жобаның тиімділігін бағалаңыздар.

17) Жылына 4,2 мың теңге түсетін мерзімсіз постнумерандо аннуитетінің ағымдағы құнын анықтаңыздар, егер мемлекеттік банк ұсынатын шұғыл салымның пайызы 24%-ға тең болса, осымен қатар күрделі пайыздар жылына екі рет қосылатын болса.

18) 8 жыл бойы әр жарты жылдың басында банкке салынатын 15 мың теңгеге жылына 20% күрделі пайыз тоқсан сайын қосылады. Мерзімнің аяғында шотта қандай сома болады?

20) Мына жобалардың ішінен таңдау жасау керек.

	IC	P1	P2	P3	P4	P5
A	-50 000	15 625	15 625	15 625	15 625	15 625
B	-80 000	-	-	-	-	140 000

$r=5%$ және $r=10%$ жағдайында таңдау жасау керек.

Фишер нүктесін табу керек.

21) Қарыз алушы әр айдың соңында теңдей жедел төлем жасау арқылы өтеу шартымен 5 айға 6 млн теңге несие алды. Қарыз шамасына айлық қойылымы 12% күрделі пайыз есептеледі. Жедел төлем сомасын анықтаңыздар.

22) Белгіленбеген ұзақ мерзім бойы компания әр жылдың соңында бір акцияға 4 мың теңге дивиденд төлеуге кепілдік беріп отыр. Бұл компанияның акциясын 18 мың теңгеге сатып алу керек пе, егер ақшаны жылына күрделі 21% - бен депозиттерге салса: а) жыл сайын; ә) тоқсан сайын.

23) Салушы банкке баласы 5 жыл оқу мерзім ішінде әр жылдың аяғында 30 000 тг алып тұруы үшін және оқу соңында барлық салымды жұмсауы үшін белгілі бір соманы салу ниетінде. Жылдық қойылымы 12% күрделі пайыздар есептелгендегі салым сомасын анықтаңыздар.

24) Компанияның инвестициялық мүмкіндігі 90 000 доллармен шектеледі. Берілген 6 жобаның ішінен тиімді қоржын қалыптастырып PI, NPV, IRR бойынша көрсеткіштерін салыстырыңыз.

	IC	NPV	IRR
A	30 000	2822	13.6%
B	20 000	2562	19.4%
C	50 000	3214	12.5%
D	10 000	2679	21.9%
E	20 000	909	15%
F	40 000	4509	15.6%

25) Постнумерандо төлемінің нұсқасы бойынша ақша құралдарын жинақтаудың екі варианты талданады: а) егер банк күрделі 18% күрделі жылдық пайыздарды әр жарты жыл сайын қосатын болса, онда депозитке әр жарты жыл сайын 30 мың тг салынады; ә) егер банк күрделі 19% күрделі жылдық пайыздарды әр жарты жыл сайын қосатын болса, онда депозитке әр жарты жыл сайын 63 мың тг көлемінде салым салады. Әр варианттың іске асқанынан шотта 10 жылдан кейін қандай сома болады? Қандай вариант неғұрлым тиімді? Егер екінші вариантта пайыздық қойылым 18,5%-ға дейін төмендетілсе, сіздің шешіміңіз өзгере ме?

26) Жылына 1 мың тг төлейтін мерзімсіз аннуитет постнумерандосы бар. Бұл аннуитеттің келтірінді құнын мынадай жылдық пайыздық қойылымдармен анықтау керек: а) 5%, ә) 10%, б) 100%. Осындай төлемдер үшін постнумерандо аннуитетінің есептеу мәндері қалай өзгереді?

28) 16950 доллар тұратын құрал-жабдықты сатып алу 10 жыл бойы әр жыл сайын 3000 доллар үнемдеуге мүмкіндік береді. Табыстылықтың ішкі нормасын анықтаңыз.

29) Болашақ құны 60 млн.тг, бүгінгі күнгі құн 27 млн.тг.3-жылға қарастырылған жобаның пайыздық мөлшерлемесін анықтаңыз.

30) 160 000 \$ көлемінде инвестицияны қажет ететін жоба 15 жыл ішінде 30 000 \$ көлемінде жылдық табыс алуды көздейді. Егер дисконттау коэффициенті 15% тең болса, инвестицияның тиімділігін бағалаңыз.